


**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі»
КММ 2022-2023 оқу жылына арналған 4 «Ә» сыныптың «Жолда жүру
ережесі» қосымша бағдарламасы бойынша жылдық талдау есебі**

Ағымдағы оқу жылына жоспарланған 6 тақырыптың барлығы тәрбие сағатына кіріктіріліп жүргізілді. Әр айда екі тақырыптан өткізіліп отырылды. Қыркүйек айында жүргіншілердің қауіпсіздігі мен жолда жүру ережелерімен таныстырылды. Қазан айында жолда жүру ережелері туралы тест тапсырмалары алынып, жолда жүру ережесінің негізгі түсініктері және терминдерімен таныстырылды. Қараша айында ескерту белгілері мен жолдағы қозғалыстар туралы баяндалып түсіндірілді. Желтоқсан айында адам тасымалдайтын және жүк тасымалдайтын көлік құралдары туралы сабақтар өткізілді. Қаңтар айында көліктердің жабдықтары мен көше қиылыстары туралы түсіндіру жұмыстары өткізілді. Ақпан айында оқушылар арасында жолдағы жағдайларға байланысты макет жасау жобасы өткізіліп жүргізушілердің еңбектері туралы айтылды. Наурыз айында жол белгілері мен темір жол өтпелдері туралы сұхбат жүргізілді. Сәуір айында медициналық алғашқы көмектердің түрлері және оны қалай жүзеге асыру керектігі туралы баяндалып сұхбат жүргізілді. Мамыр айында қорытынды сабақ өткізілді. Жылдық жоспарға сай он сегіз тақырып жоспарланып олардың барлығы өз кезегімен өткізіліп отырды.

Сынып жетекшісі:



Қайролла М. М.